

**XIX ғ. мен XX. ғ. басындағы
этнопедагогика негізін
салушылардың идеялары**

Қазақ тарихында этнопедагогика негізін салушылардың идеяларын жазыңыз

АТЫ-ЖӨНІ

Елі үшін жасаған еңбегі

КСРО Педагогика ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор И.Т.Огородников, Г.Н.Волковтың “Этнопедагогика” атты еңбегіне жазған кіріспесінде: “Егер халық педагогикасы мен этнопедагогикаға арналып екі хрестоматия жасалған болса, оның біріншісіне бала тәрбиесі жөніндегі ауыз әдебиеті үлгілері мен халықтың салт-дәстүрлеріне арналған этнографиялық тәлімдік жазбалары енгізілген болар еді де, ал екіншісіне халық педагогикасы мен халықтың тәлім-тәрбиелік ойларын зерттеуге арналған педагог-ғалымдардың еңбектері енген болар еді” - деп, халық педагогикасының таза тәжірибеге негізделген тәрбиенің эмпирикалық түрі екенін және оның этнопедагогиканың ғылыми зерттеу объектісі болып саналатынын ашып көрсетеді.

**Халық арасында тараған есімін атаңыз!
Өз халқына жасаған еңбегін жазыңыз!**



Халық арасында тараған есімін атаңыз!

Төле Әлібекұлы (1663-1756 ж.ж.)
қазіргі Жамбыл облысы Шу
ауданының Жайсаң жайлауында
дүниеге келген. Төле бидің жас
кезінде айтқан биліктері деп ел
ауызында сақталған бірнеше
әңгімелер бар. Солардың бірнешеуіне
тоқталып өткенді жөн көрдік

Төле бидің ағайын арасының дау-шарын оңай жолмен бітістірушілік, ақылгөйлік өсиеттері де баршылық. Мәселен, ағайынды екі жігіттің шабындыққа таласып, бір-бірін көрместей болуын да беттеріне басып, ағайын татулығына үкім айта келіп, «... сендерден ес білмейтін хайуан артық, әне екі аттарыңның бір-бірімен жал қасысып тұрысын қарашы» - деп ұялтуы.

Немесе әнші келіншектің өнеріне тұсау салып, күйеуінің тойда әйеліне өлең айтқызбауын айыптай келіп, «Қызғаншақтық - топастық! Өнер адамын тұтқындап ұстау - әбестік!» деп ұялтуы арқылы біріншіден, сүйіп қосылған жастарда қызғаншақтық болмауы керек деп жігіттің бойындағы өзімшілдік мінезін түзетуді көздесе, екіншіден, адал жардың бір-бірін аялауын, көңіліне қаяу түсірмеуін қуаттайды.

Төле бидің өмірінің үшінші кезеңі Тәуке хан өмірден озған уақыттан бастау алып, Қазақ ордасының Ресейге қосылуына дейінгі кезеңге созылады. (1718-1732 ж.ж.) Бұл қазақ халқының, оның мемлекеттік болмысы үшін ең ауыр жылдар болатын. Төле Әлібекұлының бұл кездегі басты еңбегі – халықты жоңғар басқыншылығына қарсы бағытталған, ұйымдастырушылық еңбегі болып саналады. Төле би Ұлы жүздің бас биі болып тұрғанда талай батыр, би, сұлтандарға ара түсіп, оларға қамқор болады

**Халық арасында тараған есімін атаңыз!
Өз халқына жасаған еңбегін жазыңыз!**



Қазыбек Келдібекұлы (1667-1764 ж.ж.) Сырдария жағалауындағы ауылда туып, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізеді. Қазақ шежіресі бойынша Қазыбек Орта жүз Арғын руының Қаракесек бұтағынан. Сол Қаракесектің бір атасы Бұлбұл, одан Шаншар туады. Қазыбек осы Шаншар тұқымынан. Шаншардың екінші әйелінен Келдібек, Таныбек, Жәнібек, Есіркеп (оларды «төрт бегі» деп те атаған). Келдібек кезінде аузына бүкіл Арғын руын қаратқан белгілі шешен, би болған.

Қазыбек әкесі Келдібектің жанында еріп жүріп, бала күнінен шешендік өнерге бейім болып өседі.

Қаз дауысты Қазыбектің шешендік өнерін және әділ билік кесімін мазмұны жағынан үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Оның біріншісі - отбасы, ауыл-аймақ, ағайын жұрт арасындағы дауға әділ бітім айту, жұртты татулыққа, береке-бірлікке шақыру болса,

екіншісі - екі елді, ру, тайпа, жүздердің тату-тәттілігін, береке-бірлігін ептестіру болып келеді.

Ал, үшінші тобы - еларалық дипломатиялық қарым-қатынастағы Қазыбектің тапқырлығы, мемлекеттің іргесін бекітіп, абыройын асыру, сөйтіп Отанның, дүйім қазақ халқының мүддесін қорғаған аса көрнекті қоғамдық қайраткерлік еңбегімен ершеленеді. Қазыбек басқа билер сияқты ел билігіне араласқан кезде алдымен отбасының, ағайын арасының дау-жанжалын бітістіруден бастайды. Мәселен, ел ішіндегі бір ұлы дүбір тойда бәйгеге қосатын аттарды тізгенде тойханада жүрген бір жігіт – мынау менің тай күнінде жоғалтқан бәсірем еді – деп бір аттың шылбырына жармасады. Ат иесі – өзімнің құлын күнінен баптап өсірген төл малым деп қарсы дау айтады. Көпшілік екі даугерді Келдібек бидің алдына әкеледі. Әкесі Келдібек жанында отырған 13-14 жасар ұлы Қазыбекке осы дауды сен шеш – дейді. Қазыбек екі даугерге қандай дәлелдерің бар дегенді айтады.

– «Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым Қаракесек» – депті.

Қонтажы даусың Қаз дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы – депті.

Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге тиіспей жай жатқан елміз. Елімізден қуат, береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз. Дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды. Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

**Халық арасында тараған есімін атаңыз!
Өз халқына жасаған еңбегін жазыңыз!**



Әйтеке би Бәйбекұлы (1683-1722 ж.ж.)

Кіші жүзден шыққан атақты шешен, би. Әйтеке жеті жасынан атасы Ақша ханның тәрбиесінде болған. Ел басқару, қонақтарды қабылдау, халық арасындағы дау-дамай келісім, бітім істеріне қатысып отырған. Он жасынан бастап атасы оны Жалаңтөс батырдың балаларымен Бұқардағы медресеге оқуға береді. Ол оқуды үздік тәмәмдайды. Араб, парсы тілдерін жетік біліп шығады. Ел арасында Әйтеке айтыпты-мыс дейтін тапқырлық ойға, шешендік сөз түйініне құрылған аңыздар көп.

Ұрпақты тәрбиелеп жетілдіру мәселесі мемлекет алдындағы келелі міндеттермен байланысты. Олар мыналар:

- Ұлттық мәдениеттің асылдарын меңгерте отырып, әлемдік мәдениетті игрету;
- Ана тілін жетік білдіре отырып, өзге тілдерді меңгерту және тіл арқылы өз ұлтының мәдениетінің жетістіктерін өзгелерге таныту;
- Көп ұлтты Қазақстан жағдайында діни, ұлттық, нәсілдік толеранттық қасиеттерді қылаптастыру арқылы мемлекетімізде бейбітшілік пен ынтымақтастықтың орнауына өз үлесін қосу;
- Толеранттық бола отырып мемлекеттік тілге, рәміздерге, ұлттық мәдениет үлгілеріне құрметпен қарау және елжандылыққа тәрбиелеу;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы демографиялық жағдайға ықпал ету.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ТУЫП, ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

<p style="text-align: center;">Қазақ этнопедагогикасы ның туу кезеңі (XIXғ. 2-жартысы), оның белсенді қайраткерлері</p>	<p style="text-align: center;">Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі (1920-1930жж.) және ол кезеңдегі қайраткерлері</p>	<p style="text-align: center;">Қазақ этнопедагогикасының даму кезеңі (1970-1995) және оның қайраткерлері</p>
<p>Ш.Уәлиханов Ы.Алтынсарин А.Құнанбаев 2.Орыс,батыс саяхатшы- ғалымдары: П.С.Паллас Э.С.Вульфсон А.Вамберн А.Левшин А.Янушкевич Н.Г.Потанин Н.Л.Зеланд В.В.Радлов т.б.</p>	<p>Қазақтың зиялы оқымыс тылары: С.Торайғыров Ә.Диваев А.Байтұрсынов Ш.Құдайбердиев М.Дулатов М.Жұмабаев Ж.Аймауытов Х.Досмұхамедов Н.Құлжанова М.Әуезов С.Сейфуллин</p>	<p>М.Ғабдуллин Б.Момышұлы Б.Адамбаев Ш.Ахметов М.Әлімбаев Қ.Жарықбаев С.Қалиев Ә.Табылдиев С.Ұзақбаева М.Балтабаев И.Бөлеев З.Ахметова М.Құрсабаев М.Смайылова М.Оразаев К.Қожахметова</p>



Ы. Алтынсарин

1841-1889 жж.) —
қазақтың аса
көрнекті
ағартушы-
педагогы,
жазушы,
этнограф,
фольклоршы,
қоғам қайраткері.



Шоқан Шыңғысұлы
Уәлиханов (шын есімі Мұхаммед
Қанафия; 1835, Қостанай
облысы, Сарыкөл ауданы,
Құсмұрын жері — 10
сәуір 1865, Көшентоған, Жетісу)
— қазақтың ұлы ғалымы, XIX
ғасырдың екінші жартысында
Қазақстанда туған демократтық,
ағартушылық мәдениеттің
тұңғыш өкілдерінің
бірі, шығыстанушы, тарихшы, фо
льклоршы, этнограф, географ, аға
ртушы. Әжесі бала
күнінде «Шоқаным» деп
еркелетіп айтуымен «Шоқан»
аталып кеткен.



Абай

Абай (Ибраһим) Құнанбай
ұлы (10 тамыз 1845 жыл —
шілде 1904 жыл) —
ұстаз, ақын, ағартушы,
ба қазақ әдебиетінің, қазақ
әдеби тілінің негізін
қалаушы, философ,
сазгер, аудармашы, саяси
қайраткер^Ш, либералды
көзқарасын исламға дініне
таяна
отырып, орыс және европ
мәдениетімен жақындасу
арқылы қазақ мәдениетін
жаңартуды көздеген
реформатор

Ш.Уәлихановтың қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы ой-пікірлері (1835-1865).

1. Шоқанның алғашқы хат тануы.
2. Ш.Уәлихановтың орыс достары.
3. Шоқанның Батыс-Шығыс халық әдебиетін зерттеуі.

Ы.Алтынсариннің тәлімдік мұралары (1841-1889).

1. Ы.Алтынсариннің тілмаштық кезеңі.
2. Ы.Алтынсариннің орыс достары.
3. Ы.Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрін зерттеуі.

Қазақ этнопедагогикасы жөніндегі А.Құнанбаевтың (1845-1904) көзқарастары.

1. А.Құнанбаев – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.
2. Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәні.
3. Абайдың шығыс әдебиет үлгілеріне қатысы.

XIX ғ. мен XX. ғ. басындағы этнопедагогика негізін салушылардың идеялары.

Жоспар:

1. Әбубәкір Диваев, Шәкәрім
Құдайбердиевтың мұралары.
2. Ахмет Байтұрсынов, Хәлел
Досмұхамедов Міржәқып Дулатовтың
тәлімдік идеялары.
3. Нәзипа Құлжанова, Жүсіпбек Аймауытов,
Мағжан Жумабаевтардың этнопедагогикалық
ой-пікірлері.

А.Диваев 100-ге тарта ғылыми еңбек қалдырды. Ол жинаған қазақтың батырлар жыры 1922-23 ж.ж. Ташкентте тұңғыш 9 том болып басылды. 1924 ж. Ташкентте қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінен құрастырған “Тарту” атты жинақ, ал 1926 ж. Қызылордада “Балаларға тарту” жинағы шықты. Ол “Алпамыс”, “Қамбар батыр” жырларының бірнеше варианттарын, “Тазша бала” ертегісінің үш нұсқасын салыстыра зерттеп, олардың ішіндегі ең толығын және ең көркем дегендерін баспа арқылы шығарып отырған.

Диваевтың 1920 ж. Жетісу, Сырдария бойына ұйымдастырған экспедициясы орасан мол материал әкелген. Олардың ішінде аңыз да, жұмбақ та тақпақ та, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдер де бар.

Диваев жинаған мұралар ішінде көлемі 8 томдық “Манас” дастаны да бар. Диваев “Манас” дастанын ең ұзақ, энциклопедиялық жыр дей келіп, “Манас” батырдың атымен бүкіл қырғыз елінің өмірі мен тұрмысы жырланады” дейді. Диваев осы еңбегінде Орақ-Мамай, Ер Қосай сияқты қазақ батырларының да жырда кездесетінін айтып, оны қойы қоралас, ауылы аралас қазақ-қырғыз елінің мәдени қарым-қатынасының куәсі деп қарайды.

Диваев “қазақ” сөзінің шығу тарихы туралы да өз пікірін, білдіреді. Ол қазақтың тыю сөздері мен 70-ке тарта ырымдарын талдай келіп, олардың шығу тегіне, тәлімдік мәніне тоқталады. Бақсылардың кім екендігіне түсініктеме береді. Қазақтың “Ас иесімен тәтті”, “Айналайын” деген сөздердің этимологиясына талдау жасайды.

Ә.Диваев қазақ ойындары мен ойыншықтарының мән-мағынасына да талдау жасайды.

Жарты ғасыр өмірін қазақтың мәдени мұрасын жинауға, зерттеуге арнаған Ә.Диваевтың еңбегі туралы кезінде М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өлең, мақала жазып,

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931). Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, философ, шежіреші әмбебап ғалым.

Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиет пен тілге (араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген) бейімділік көрсетіп, көп ізденіп, шығыс, батыс классиктерінің еңбектерін оқып үйренген.

1905-1906 ж. Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. 1905-1906 ж.ж. Меккеге сапар шегіп Стамбул кітапханасындағы бай мәдени мұрамен танысқан. Қайтып келе жатып, Ясная полянадағы Л.Н.Толстоймен кездесіп пікірлескен. “Толстойша” деген өлеңін жазған.

Ол халық аңыздары негізінде “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” дастандарын жазып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы мол мәліметтер береді. 1911 ж. “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегін жазады. Ол Толстойдың қысқа әңгімелерін, Физулидің “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасын, Пушкиннің “Дубровский” атты поэмаларын аударады. 1918 ж. “Абай” журналына Қожа Хафиз шығармаларын аударып бастырады.

Шәкәрімнің дүниенің жаратылысы, философиялық-геологиялық көзқарасы “Үш анық”, “Қазақ айнасы”, “Анық пен танық”, “Мұсылмандық шарттары” атты еңбектерінен көрініс тапқан. Ол бұл еңбектерді жазбас бұрын батыс, шығыстың атақты ғалымдары: Пифагор, Маско, Эпиур, Демокрит, Аббас, Ньютон, Линней, Гасанди, Мұхаммед, Исус Христос, Дарвин т.б. еңбектерін оқып шығып үлкен дайындықпен келген. Олардың пікірлерімен терең танысқан Шәкәрім дүниенің негізі атомдардың қосындысынан тұрады, жаңа туып, өсіп-өніп, өліп-өшіп үнемі жанаруда, өзгерістерде болады дегенді қуаттайды.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды.

А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекеттік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады.

Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді.

А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды.

А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

Хәлел Досмұхамедов (1883-1937) 1909 ж. Петербургтегі әскери медицина академиясын оқып, бітіріп Керм губерниясында, кейін 22 Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезден бастап қоғамдық істерге белсене араласып, “Орал”, “Тікір”, “Қазақ” газеттеріне мақалалар жазады.

1917 ж. бастап Алашорда үкіметінің басқару жұмыстарына белсене араласады. Батыс Қазақстан өлкесіндегі Алаш партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болады.

1924 ж. Орта Азия университетінде ординатор, 1926-29 ж.ж. Қазақ педагогикалық институтында проректор, кейінне педалогия кафедра меңгерушісі, профессорлық қызметтер атқарады.

Жаратылыстану ғылымы саласында тұңғыш “Адамның тән тіршілігі” (1927) “Сүйектілер туралы” (1928) Жануарлар (1929) атты оқулықтар жазып шығарады. Осы ғылым саласында тұңғыш ұлттық ғылыми терминдерді қалыптастыруда елеулі еңбек етеді.

Х.Досмұхамедов тарих, әдебиет, тіл білімі ғылымдар саласында да бірнеше ғылыми еңбектер жазып көзге түседі. Мысалы: “Қазақ халық әдебиет”, “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы”, “Кенесары-Наурызбай”, “Шатай қозғалысы туралы” еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөлген, қазақ әдебиетін жинап зерттеуші орыс ғалымдары: В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин, А.В.Алекторов, Ә.Диваев т.б. еңбектеріне талдау жасаған. Қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда тұңғыш классификация жасаған. Ұлттық өнер туындыларына, әсіресе айтыс өнеріне, қазақтың барымта-аламандығы жөнінде келелі пікір білдірген. Ұлттық тұрмыс-тіршілік, кәсіпкерлік мәселелеріне де мән бере қарастырған. Қазақтың ою-өрнек, зергерлік бұйымдардың жасалу ерекшеліктерін, Самарханд шаһарындағы “Тілләқари” және “Ширдар” медресесін салдырушы Жалаңтөс батыр туралы тың мағлұматтар берген.

Х.Досмұхамедов тіл, сөйлеу-мәдениетіндегі адам психологиясының ерекшеліктерін сөз ете келіп “Тілінен айырылған жұрт жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілі көркейіп, гүлденеді... Ал мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды” ... дейді. Өз тілін білмей тұрып, жат елге еліктей беру зор қате” – дегенді айтады.

Міржақып Дулатов (1885-1935)

1897 ж. Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оны 1902 ж. бітіріп шығып 6-7 жыл ауылда мұғалім болған Міржақып кейін Омбы, Қарқаралы қалаларына барады. 1909 ж. Уфада “Оян, қазақ” атты еңбегін, кейін “Бақытсыз Жамал” романын бастырып шығарады. “Айқап” журналына әртүрлі тақырыпта мақалалар жазып тұрады. 1913-1917 ж.ж Орынборда А.Байтұрсыновпен бірге “Қазақ” газетін шығарады.

Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңестік үкімет жылдарында Алаш үкіметі мен партиясының белсенді қайраткері болғаны үшін бірнеше рет 1922-26 ж.ж. Орынбордағы қазақ ағарту институтында оқытушы болады. 1922 ж. екі бөлімнен тұратын бастауыш сыныпқа арналған “Есеп құралы”, 1924 жылы “Қирағат” атты оқулығын басып шығарды.

Ұлы педагог Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай жалғастырып, ол да А.Байтұрсынов сияқты оқу-тәрбие істерін ғылыми тұрғыда қарастырды. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін марапаттап, шәкірттердің жаңа бағдарлама бойынша білім алуына, сабақтың ғылыми дидактикалық негізде жүргізілуіне зер салды. Мәселен “Қирағат” атты кітабының алғы сөзінде “балаларды – дейді ол – оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылыми педагогикада... мектеп программасында бірінші орыналатын нәрсе қирағат, баяндап оқыту... Қирағаттың мақсатын түсінбеген мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды... Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққанын жадында рет-ретімен һәм толық мағынасымен сақтауға әрекеттендіру керек”. Ал орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский айтқандай, оқу-тәрбие процесіне (жазу, сызу, есептеу, оқу т.б.) шәкірттердің сезім мүшелерін (көз, құлақ, қол т.б.) тұтастай қатыстырып отыру қажеттілігін мұғалімдердің есіне салады. Ғалым оқыту процесіндегі тәрбиенің роліне зор көңіл бөле келіп, “Туысынан қанша зеректік болса да, ғылымымыз тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлігі барлығын сезініп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді”.... деп мамандық таңдаудың адам қабілетін ескере асырылуын қалайды.

М.Дулатов өзінің “есеп құралы” кітабын біріншіден, қазақ өмірімен байланыстырса, екіншіден тұңғыш рет елуге тарта материалдық терминдерді тілімізге енгізуді, үшіншіден оқулықтағы материалдардың білімдік және тәлімдік жағынан бірдей қарастырылуына зер салды. Сөйтіп,

Нәзипа Құлжанова (1887-1934)

Ол қазақ әйелдері арасынан тұңғыш әлеуметтік іске белсене араласқан әрі мұғалім, әрі педагог-ғалым, әрі журналист болды. Ол 1902 ж. Қостанайдағы қыздар гимназиясын оқып бітіріп, Торғайдағы қыздар училищесінде, кейін (1904-1919 ж.ж.) Семейдегі мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызмет атқарды.

Н.Құлжанова 1924 ж. “Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу” атты еңбегін жазып, Орынбордан бастырып шығарды. Кейін “Әйел теңдігі” журналында қазақ балабақшаларындағы озат тәжірибелер жайында бірнеше мақалалар жазады.

1924 жылы “Ана мен бала” атты еңбегін жазып шығарады. Бұл еңбекке алғы сөзі атақты – турколог ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов алғысөз жазды.

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931)

Жазықсыз жапа шеккен, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж.Аймауытов қазақ топырағында тұңғыш шыққан педагог, психолог-ғалым. Ол бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Ж.Аймауытов Павлодардағы орыс-қазақ мектебін, онан кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясын (1918) бітірген. 1924 ж. Баянауылда бала оқытады. 1920 жылы РК(б)К қатарына кіреді. Қазақстан Советтерінің съезіне делегат болып сайланады. ҚАССР Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, “Қазақ тілі”, “Ақ жол” газеттерінің қызметкері, мектеп мұғалімі, 1926-29 жылдары Шымкенттегі педтехникумның директоры болып істейді. 1931 жылы ұлтшыл деп айыпталып, жазықсыз өлім жазасына кесіледі.

1918 ж. “Абай” журналының бас редакторы бола отырып, тәрбиемен байланысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Солардың ішінде 1922 ж. жеке кітап болып шыққан “Тәрбие жетекшісі” атты еңбегін ерекше атап өтуге тура келеді. Ол еңбегінде Ж Аймауытов “Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен” – дейді.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) әрі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз-ғалым Мағжан Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерімен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ол жазған “Бастауыш мектепте ана тілі” (1925), “Сауатты бол” (1926), “Педагогика” (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің “Педагогика” атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: “Тәрбие ғалымдарының пікірлерін (орыс, батыс ғалымдарын айтып отыр – С.Қ.) таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі (интернационалдық терминдер – С.Қ.) болып кеткен сөздері қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым”.

Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Ә. Диваевтың этнографиялық еңбектерінің мәні.
- 1.Ш.Құдайбердиевтің діни-философиялық көзқарастарына сипаттама бер.
- 2.А.Байтұрсыновтың лингвистикалық, ағартушылық еңбектері.
- 3.М.Дулатовтың қайраткерлігі және бастауыш құралдарын жазуы.
- 4.Х.Досмұхамедов жаратылыстану ғылымының негізін салушы.
- 5.Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы.